

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 46/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қаңтарда № 2513 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 49-ө "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" өкіміне сәйкес

аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Талгат Ахметұлы Елубаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қобжанов

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 20 желтоқсан
№ 46 / 01 қаулысымен
бекітілген

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы қағида Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес әзірленді және

коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар аудандық коммуналдық меншікке түседі және осы қағиданы басшылыққа алып пайдаланылады.

2. Жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсу тәртібі

3. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсуі қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау-беру актісінде аудандық коммуналдық меншікке түсетін жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетілуі тиіс. Қабылдау-беру актісі жануарларды тапсырған тұлғаның, кент, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі - әкім), "Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ветеринария бөлімі), "Бұқар жырау ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - экономика және қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады. Қабылдау-беру акті экономика және қаржы бөлімінің басшысы бекітеді.

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау-беру актісі негізінде балансқа алу "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 Бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру

5. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды аудандық коммуналдық мүліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен экономика және қаржы бөлімі жүзеге асырады.

6. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарлар аудандық әкімдіктің қаулысымен тиісті әкімдердің аппараттарының балансына бекітіледі. Балансқа алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау-беру актісінің негізінде жүзеге асырылады.

4. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарларды пайдалану тәртібі

7. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз жануарларды мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың балансына өтеусіз беру ;

2) аукцион арқылы сату ;

3) сауда ұйымдары арқылы сату ;

4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарынан басқа) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

8. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудандық әкімдіктің қаулысымен құрылған тұрақты комиссия (бұдан әрі - комиссия) шешеді.

5. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі

9. Жануарлар аудандық коммуналдық меншігіне өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде – ол жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

10. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды бағуға байланысты шығынды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

11. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен бұрынғы меншік немесе өтеледі. Бұл жағдайда жануарларды бағуға және пайдалануына байланысты жұмсалған қаржының мөлшері шегеріледі.

12. Жануарларды қайтару немесе оның құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен экономика және қаржы бөлімі арасында жасалатын шартпен рәсімделеді.